

**Сүйек типтері және олардың байланысуы.
Байламдар созылғанда, буын шыққанда және
сүйек сынғанда көрсетілетін алғашқы көмек.**

**Сүйек типтері және олардың байланысуы.
Байламдар созылғанда, буын шыққанда
және
сүйек сынғанда көрсетілетін алғашқы
көмек**

**Орындаған: Куатбек А.Т
Тексерген: Алимбетова А.Ж**

СҮЙЕКТЕРДІҢ ЖҮКТЕЛУМІ

ҚЫСҚА



**Омыртқа, алақан,
білезік сүйектері**

ЖАЛПАҚ



**Жауырын, бас сүйектің ми
және бет сүйектері, қабырға-
лар, жамбас сүйектері**

ҰЗЫН



Жілік сүйектері

СҮЙЕКТЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУЫ





ҚОЗҒАЛМАЙТЫН



**ЖАРТЫЛАЙ
ҚОЗҒАЛАТЫН**



**ҚОЗҒАЛАТЫН
(БУЫНДЫ)**



Сүйек сынғанда және буын шыққанда, байламдар созылғанда көрсетілетін алғашқы көмек



Сүйек сынған, шыққан, соғып алған және буын аралығы созылған кездегі алғашқы көмек

152. Сүйек сынған, шыққан, буын аралығы созылған және басқа жарақаттар алған кезде зардап шегуші, дененің зақымданған жерінің қалпын ауыстыру кезінде тез күшейетін қатты ауыруды сезеді. Кейде аяқ-қолдың дұрыс өз орнында және (сынған кезде) өзгеше қалыпта майысып жатқаны көзге бірден түседі.

153. Сүйектің сынуының ашық (қан кетуді тоқтатқаннан және стерилденген таңғышты салғаннан кейін) және жабық түрінде алғашқы көмек көрсету кезіндегі ең бастысы зақымданған аяқ-қолды иммобилизациялау (тыныштықты қамтамасыз ету) болып табылады. Бұл ауыруды азайтады және сүйек сынықтарының одан әрі жылжуын болдырмайды. Иммобилизациялау үшін дайын таңғыш қалақтарды, сондай-ақ таяқты, тақтайды, сызғышты, фанераның бөлігін және сол сияқтыларды пайдаланады.

154. Жабық сынық кезінде зардап шегушінің киімін шешпей – таңғыш таяқты оның сыртынан салуға болады.

155. Жарақаттанған жерге ауырғанды төмендету үшін «суық» (мұз, қар салынған суық су құйылған резеңке қапшықты, суық таңғышты) басады.

ШАР ТӘРІЗДІ БУЫН



ШЫҒЫР ТӘРІЗДІ БУЫН





- Егер адамның қабырғасы сынса, терең тыныс алғанда не жөтелгенде ауырады. Сынықтың бітуі – өте күрделі биологиялық процесс. Сүйектің тез бітуіне жарықшақтардың бір-бірімен дұрыс бірігуі мен сүйекті бір қалыпты ұстап тұрудың маңызы зор. Сонымен қатар Сынықтың бітуі қандай сүйектің сынғандығына да байланысты. Мысалы, саусақ сүйектері 2,5 аптада, ал ортан жіліктің басы 6 айдан астам уақытта бітеді. Сүйек жарықшақтарының арасы алшақ болып, бір-біріне дұрыс орналаспағанда немесе олардың арасында жұмсақ тіндер жаншылып қалса, бір қалыпта ұсталып тұрмаса Сынықтың бітуі баяулайды немесе мүлдем бітпей қалуы, жалған буынның пайда болуы мүмкін. Сынық дұрыс бітпесе, қол-аяқтың қисаюына не қысқаруына әкеліп соқтырады. Ашық Сынық кезінде жараға инфекция түсіп, іріңді инфекцияның дамуы мүмкін




Рис. 2.74. Последовательность выслушивания легких спереди.

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

- СЫНЫҚ кезінде кез келген қатты материалдан дереу СЫНЫҚқа таңғыш салып, орап байлау керек. Таңғыш болмаса, онда сынған аяқты сау аяққа тақап байлап, ал зақымданған қолды орамал арқылы мойынға асып қою қажет. Сынық ашық болса, жараның айналасын йодпен сүртіп, стерильденген таңғыш байлаған жөн. Ауруханада сынған сүйек жарықшақтарын бір-біріне түйістіріп (репозиция) дұрыс қалыпқа келтіріп, гипстеп таңады, антибиотиктер беріледі. Кейде хирургиялық операция жасалынады. Қажет болған жағдайда қан құйылады, емдік дене шынықтыру арқылы сынған органның қызметін қалыптастырады. Витаминді тағамдар мен минералды тұздарға бай жеміс-жидектер беріледі.




- Бұғана сынуы. Сынған жерді басып көргенде , ондағы май сулардың болуы байқалады. Жәрдем көрсету кезінде қолтық астына мақта немесе дәкеден жасалған тығыз қалтқы қойылып, сосын зардап шегушінің қолын шынтақ буынынан бүгеді, иық сүйегін денеге қатты қысып тұрып, оған қолды мықтап бинтпен орайды немесе үшкіл орамалмен бекітеді

- Омыртқа сынуы. Бұл аса ауыр зақымдану; жамбас сүйектері қызметінің бұзылуына , қол-аяқтың сал болып қалуына әкеп соқтыратын жұлынның жаншылуымен қоса беріледі. Сынықтар ашық , жабық , асқынған, асқынбаған, жаншылған болуы мүмкін. Алғашқы медициналық жәрдем көрсету кезінде жұлынның жаншылып қалуын тудырмас үшін , омыртқа бүгілуін болдырмау қажет. Арнайы уақытша белгілеулер – зардап шегушіні етпетінен абайлап зембілге салады , иық асты мен бас жағына жастық немесе қалтқы қояды. Жұмсақ зембілге арқасымен жатқызғанда , оған ағаш жайма тақта , фанер, кең тақтайша немесе бірнеше ұзын фанер жақтаулар салынады.
- Мойын омыртқалары сынған кезде – зардап шегуші зембілге арқасымен жатқызады, ал мойын астына жастық немесе бүктелген киім , мүмкіндік болса , мойын астына мақта жағалап салынады. Жарақаттың шоқ құбылыстары кезінде шоққа қарсы шаралар жүргізу және тездетіп емдеу мекемесіне жеткізу қажет.



Жасына қарай омыртқа жотасының өзгеруі



20 жас

30 жас

40 жас

50 жас

60 жас


ОМЫРТҚА ЖОТАСЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ



Аяқ-қол сынғандағы алғашқы көмек



Сүйек сынғанда көрсетілетін көмектер



- қимылсыз күйге келтіру қажет, мұны ұстап тұратын таңғыш таңу немесе, ең дұрысы, тасымалдау шендеуішін таңу арқылы жүзеге асыруға болады. Тасымалдау иммобилизациясы үшін дайын стандартты шендеуіштерді қолдану қажет, олар болмаған жағдайда, шендеуіштер қолда бар, оқиға орын алған жерден табылған заттардан жасалады – таяқ, тақта, ағаш бұтағы, картон, ағаш қабығы, сабан бумасы, күрек және т.с.с. Барлық шендеуіштер жеткілікті дәрежеде ұзын және мықты болуы қажет.



БУЫН АУРУЛАРЫ

